**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print)**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

# ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ
НАУК РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
Казахский национальный
педагогический университет имени
Абая

# THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
Abai Kazakh National Pedagogical
University

PUBLISHED SINCE 1944

**2** (396)

MARCH – APRIL 2022

ALMATY, NAS RK

*Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы «ҚР ҰҒА Хабаршысы» ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.*

*НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources CitationIndex, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.*

*NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.*

**БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы,** филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нұрланұлы,** PhD, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы,** экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **H=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы,** экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **H = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **H = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович,** педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **H =2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **H = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген
**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.
Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*
Мерзімділігі: жылына 6 рет.
Тиражы: 300 дана.
Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2022

Типографияның мекен-жайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Мұратбаев көш., 75.

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Канситович,** доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**БИЛЯЛОВ Дархан Нурланович,** PhD, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального педагогического университета им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **H = 2**

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович,** доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **H = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович,** доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **H = 4**

**ЛУКЬЯНЕНКО Ирина Григорьевна,** доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **H = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич,** доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **H = 4**

**СЕМБИЕВА Ляззат Мыктыбековна,** доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна,** доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **H=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна,** доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **H = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **H=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна,** доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **H = 3**

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы). Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан **№ 16895-Ж,** выданное 12.02.2018 г.
Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*
Периодичность: 6 раз в год.
Тираж: 300 экземпляров.
Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2022

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75.

**EDITOR IN CHIEF:**

**TUIMEBAYEV Zhanseit Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

**DEPUTY CHIEF DIRECTOR:**

**BILYALOV Darkhan Nurlanovich,** Ph.D, Honorary Member of NAS RK, Rector of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**SCIENTIFIC SECRETARY;**

**ABYLKASYMOVA Alma Yessimbekovna,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 2**

**EDITORIAL BOARD:**

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich,** Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich,** Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich,** Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 4**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova,** Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarin (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna,** Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3.**

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**
**ISSN 2518-1467 (Online),**
**ISSN 1991-3494 (Print).**
Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of
a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications
of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж,** issued on 12.02.2018.
Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*
Periodicity: 6 times a year.
Circulation: 300 copies.
Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19
http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2022

Address of printing house: ST «Aruna», 75, Muratbayev str, Almaty.

# ПЕДАГОГИКА – ПЕДАГОГИКА – PEDAGOGY

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ISSN 1991-3494
Volume 2, Number 396 (2022), 6-16
https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.268

ХҒТАР 14.35.09

**К.С. Әбдіқалық, Қ.Н. Абилдаева***

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: *Abildaeva.00@mail.ru*

## Ш. БРОНТЕНІҢ ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ РОМАНЫН ОҚЫТУ

**Аннотация.** Бұл мақалада Шарлотта Бронтенің әйел тағдыры туралы романын білім алушыларға тиімді әдіс-тәсілдермен оқыту мәселесі қарастырылады. Әйел жазушының өз заманындағы әйелдердің тағдырын суреттеуіне қатысты проблемалық сұрақтар әзірленіп, студенттердің ойталқыға түсуіне басты назар аударылады. Білім алушылардың өтілетін тақырыпқа қызығушылығын ояту мақсатында алдымен белгілі бір сұрақтардың әзірленуі тиіс. Сабақта сыни ойлау, диалогтік әңгіменің бір түрі зерттеушілік әңгіме әдісін қолданудың тиімділігі зерделене келе, топтық жұмысқа қатысты тапсырмалар мен жауаптың үлгісі жүйелі түрде берілді. Зерттеушілік әңгіме әдісі арқылы студенттер романдағы кейіпкерлердің іс-әрекетіне сүйене отырып, оқырманға ұнамды немесе ұнамсыз екенін саралай алады. Бұл әдістің әрбір студенттің көркем шығарманы толық оқып, меңгергенін тексеруге де мүмкіншілік әкелетініне де көз жеткізілді. Алдымен басты кейіпкерлердің тағдыры, олардың өзара және басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы салыстырыла талданады. Джейннің бүкіл табиғи болмысы, адами қасиеті мен қайсарлығынан қаншалықты үлгі алуға болатындығын студенттер талқылай алады. Джейн мен Рочестердің махаббат сезіміне қатысты ұқсастықтарын талдауда жазушының шеберлігіне баға бере алады. Сонымен қатар қарсы пікірлердің туындауына да мүмкіндік әкелетін тиімді әдістер екеніне көз жеткізілді.

**Түйін сөздер:** зерттеушілік әңгіме, сыни ойлау, диалогтік оқыту, топтық жұмыс, адамгершілік, мінез, прототип, т.б.

**К.С. Абдикалык, К.Н. Абилдаева***

Казахский Национальный Женский Педагогический Университет,
Алматы, Казахстан.
E-mail: *abildaeva.00@mail.ru*

# ОБУЧЕНИЕ РОМАНА Ш. БРОНТЕ О ЖЕНСКИХ СУДЬБАХ

**Аннотация.** В данной статье будет рассмотрена проблема эффективного обучения обучающихся роману Шарлотты Бронте о женской судьбе. Основное внимание уделяется разработке проблемных вопросов, связанных с описанием судеб женщин писательниц своего времени, а также обсуждению мыслей студентов.

Чтобы пробудить у студентов интерес к изучаемой теме, сначала следует разработать определенные вопросы. Была изучена эффективность использования метода критического мышления, одного из видов диалогической беседы, метода исследовательской беседы, и систематически давалась выборка заданий и ответов, связанных с групповой работой.

С помощью метода исследовательского повествования учащиеся могут анализировать, нравятся или не нравятся читателю персонажи романа на основе действий в рассказе. Также было установлено, что данный метод позволяет каждому учащемуся полностью прочитать и усвоить художественную литературу. Сначала сравниваются судьбы главных героев, их взаимодействие с другими персонажами. Студенты смогут обсудить, как можно смоделировать всю природу, человеческих качества и настойчивость Джейн. Анализируя сходство между Джейн и Рочестером в отношении чувства любви, можно судить о мастерстве писателя. Также было убеждено, что существуют эффективные методы, способные привести к возникновению

**Ключевое слово:** исследовательская беседа, критическое мышление, диалогическое обучение, командная работа, мораль, характер, прототип и т.д.

**K.S. Abdiqalyq, K.N. Abildayeva***

Kazkah National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: *abildaeva.00@mail.ru*

# TEACHING A NOVEL ABOUT THE FATE OF A WOMAN BY CH. BRONTE

**Abstract.** This article will consider the problem of effective teaching of learners to Charlotte Bronte's novel about women's destiny.The main attention is paid to the development of problematic issues related to the description of the fate of women of her time by a female writer, as well as the discussion of students' thoughts.

In order to arouse students' interest in the topic being studied, certain questions first should be developed. The effectiveness of using the method of critical thinking, one of the types of dialogic conversation, the method of research conversation was studied, and a sample of tasks and answers related to group work was systematically given.

Through the method of research story telling, students are able to analyze whether the reader likes or dislikes, characters in the novel based on the actions of the story. It was also found that this method allows each student to fully read and mastered the fiction. First, the fate of the main characters, their interactions with other characters are compared. Students will be able to discuss how Jane's whole nature, human qualities, and perseverance can be modeled. In analyzing the similarities between Jane and Rochester in relation to the feeling of love, one can judge the skill of the writer. It was also convinced that there are effective methods that can lead to the emergence of opposing opinions.

**Key word:** research conversation, critical thinking, dialogic learning, teamwork, morality, character, prototype, etc.

**Кіріспе.** Ағылшын әдебиетінің даму тарихында XIX ғасырдағы реалистік әлеуметтік көркем шығармалар айтарлықтай үлкен рөл атқарды. Бұл кезеңдегі жазушылардың қатарына У.М. Теккерей, Ч. Диккенс, Э.Г. Гаскелл, Дж. Мередит сынды қаламгерлермен бірге апалы-сіңілі Бронтелерді жатқызамыз. Біз сөз ететін жазушы ағылшын әдебиетінің классигі – Шарлотта Бронте. Оның суреткерлігі W.M. Thackeray (Теккерей, 1974) мен Ч. Диккенстің (Диккенс, 1991) шеберлігімен бір қатарда танылды. Тіпті, көркемдік эстетикасын

ағылшын әйел жазушысы Э. Гаскелл (Гаскелл, 2016), сондай-ақ американдық жазушы әйелдер жалғастырғаны белгілі. Ш.Бронтенің өзіне француз әйел жазушысы Жорж Санд (Консуэло, 2008) прозасының ықпалы күшті болған еді. Жалпы, Ш. Бронте әйел тағдыры туралы роман жазған әйел жазушы ретінде танымал болды. Ең алғашқы романымен-ақ оқырмандардың сүйіктісіне айналып, бірден идеалға айналғаны мәлім.

Шарлотта Бронте шығармаларының ішінде «Джейн Эйр» романы ағылшын әдебиеті тарихында үлкен маңызды орын алды. Қазірге дейін біршама батыс еуропалық әдебиеттанушылар мен сыншылардың зерттеу нысанына айналып келеді (Бронте). Зерттеуші М.П. Тугушеваның еңбегінде де (Тугушева и др. 1982) осы жазушының өмірі мен шығармашылығы жете зерделенген. Біз осы зерттеуімізде Ш. Бронтенің «Джейн Эйр» романын филология мамандығының студенттеріне оқытуда тиімді әдістерді қолдана отырып талдайтын боламыз.

**Зерттеу әдістері.** Бұл мақалада зерттеу әдістері ретінде дәстүрлі ғылыми талдау мен жинақтау, салыстырмалы сипаттау, ой қорыту әдістері негізге алынады. Зерттеу нысанында сын тұрғысынан ойлау, диалогтік оқытудың маңыздылығы қарастырылатын болғандықтан осы әдістердің тиімділігіне мән береміз.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын жарыққа шығарған американдық педагогтар Дж. Стил, К. Мередиттің пікірінше оқу міндетті түрде белсенді болуы керек. Ал белсенділіктің тек студенттің сабақты меңгеруге құлшынысы оянса ғана пайда болатыны тағы белгілі. Сабақта көркем шығармаларды әдеби талдау үшін көбінесе студенттермен әңгімелесу, пікір алмасуды қажет етеді. Ал пікір алмасу студенттермен диалог құру арқылы жүзеге асатыны белгілі. Студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттыруға белсенді рөл атқаратын осы диалогтік оқыту туралы Ж. Аймауытов, Д. Барнс, Н. Мерсер сынды зерттеушілердің еңбектерінде жете қарастырылған.

Сабақ өту барысында диалогтік әңгіменің бір түрі зерттеушілік әңгіме әдісін тиімді қолдануға болады. Бұл зерттеушілік әңгіме Д. Барнстың «From communication to curriculum» (Barnes, 1976) және Н. Мерсердің «Words and Minds: how we use language to think together» (Mercer et.al, 2000) деген зерттеу еңбектерінде жүйелі қарастырылған. Олардың пайымдауынша, әңгімеге тартылған білім алушыларды дамыта түсу үшін қолданылатын тәсілдің бірі. Зерттеушілік әңгімеде қатысушылар қойылған сұрақтарға барынша дәлелмен жауап қайтаруға тырысады. Мәселен, романның негізгі идеясын талқылауға мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін: «Шығармадағы басты кейіпкер Джейн Эйрдің өмірі

арқылы автор оқырманға қандай ой салғысы келеді?», т.б. Сондай-ақ студенттер қойылған сұрақтарға сыни ойлау тұрғысынан жауап беруі тиіс. Білім алушылардың жауаптарынан кейін де мұғалім тарапынан да, қатысушылар тарапынан да бірнеше сұрақтар туындауы мүмкін. Диалогтік әңгімеде бұл сұрақтардың бәрі маңызды.

Оқытушы мен білім алушының арасындағы диалогке үлкен мән берген Ж. Аймауытов өз еңбегінде сұрақтың қойылуы мен жауап алуына қатысты мұғалімнің рөліне ерекше назар аударып, дұрыс емес жауапты да қалай түзету керектігін саралап көрсетеді (Аймауытова Ж., 2013). Алдымен жолдастарына түзету бүгінге дейін қолданып келе жатқан тәсілдің бірі болса, ал әдеби шығармаларға қатысты сауалдың «тілі жетпей тұрған жерін жөндеу» білім алушының эстетикалық талғамын қалыптастыруға көмектеседі. Білім алушылардың жауаптарына қарай әрекет етудің бірнеше түрлерін Е. Рэгг пен Г. Браун да өз зерттеулерінде (Wragg et.al, 2001) жүйелі түрде ұсынады.

Зерттеушілік әңгімеде білім алушылар шағын топта ортақ проблеманы бірге талқылап, сыни ойланады, бірлесіп шешім қабылдап, пікір алмасады. Сөйтіп, Ш. Бронтенің «Джейн Эйр» романын талдауда студенттердің сөйлеу әрекетімен бірге сыни ойлау мәдениеті де қалыптасады.

**Талқылау.** Білім алушылардың сыни ойлау арқылы дұрыс жауап беруге үйренетіні белгілі. Сабақтарда «миға шабуыл», альтернативті тест, сұрақтарға мәтіннен тауып жауап беруге болатын жауаптар тұжырымы, кластер, инсерт әдістері, т.б. пайдаланып отыруға болады. Ең алдымен оқу материалын меңгерту алдында «миға шабуыл» тәсілін пайдаланған тиімді. Мәселен, «Джейн Эйр» романының алғашқы басылымы қалай аталды? Және не себепті бірінші басылым автордың өз атынан шықпады?» деген сауал қоюға болады. Шынымен де бұл сұрақ күрделі емес. Бірақ осы сұрақ ақылы Шарлотта Бронтенің шығармасы жайлы олардың қаншалықты білетіндігін де тексеруге болады. Студенттер бұл сұраққа былайша жауап беруге ұмтылады: Өмірбаяндық деректерге қарағанда, Шарлотта Бронте «Джейн Эйр» романының қолжазбасын редакцияға 1847 жылдың 24 тамызында ұсынған еді, 2 айға жетпей бұл туынды (16 қазан 1847) Лондонда Джордж Смит баспасында жарыққа шығады. Ш. Бронте романды барынша шынайы түрде жазғандықтан оның көп ұзамай жарық көретініне және оқырмандардың көңілінен шығатынына сенімді болады. Алғашқы басылымда роман «Jane Eyre: An Autobiography» деген атпен жарық көрді. Авторға өмірбаян деген сөз ұнамаса да Currer Bell деген бүркеншік атымен бергендіктен қарсылық таныта алмайды. Көп ұзамай 1849 жылы «Шерли» романы жарық

көргеннен кейін бүкіл оқырман «Керрер Белл» псевдонимімен «Джейн Эйр» романын жазған автордың Шарлотта Бронте екенін білді. Ал Керрер Белл деген ер адамның есімі еді. Автордың өз атынан бермеуінің себептері бар. Соның бірі ағылшын буржуазиясының бұл туындыны әйел адам жазғандығын білсе, өзін тыныш қалдырмайтынын түсінді. Осыған байланысты оқырмандарға өзін басқа есіммен таныстыруға мәжбүр болғанға ұқсайды.

Осылайша, сабақтың кіріспесінде «миға шабуыл» тәсілі арқылы сұраққа жауап алып, әрі қарай Ш. Бронтенің «Джейн Эйр» романын жан-жақты талдау үшін алдымен студенттерді 3 топқа бөліп аламыз. Топтық жұмыстың белгілі бір тақырыпты толықтай меңгеруде өзіндік үлесі зор. Сұрақтар интерактивті тақтада жазылып тұрады (аудио дыбыстауға да болады). Берілген сұрақтарды әр топ өздері іштей талқылап алады да, рет-ретімен жауап беруі қажет. Сұрақ-жауаптар оқушының еркін әрі сыни ойлауын дамытуға мол мүмкіндік әкеледі.

Сабақ тапсырмасына байланысты романдағы кейіпкерлерге мінездеме беруде алдымен әр топ өздеріне тиесілі кейіпкерлердің тізімін жасайды. Көркем мәтінді толық оқыған студенттер өз тобына көмектесе алады. Ал шығарманы толық оқи алмаған студенттер үшін сабақтағы сұрақ-жауаптардың әсері, яғни, басты кейіпкер Джейн тағдырына алаңдаушылық олардың романды түгел оқуға деген ынтасын оятатын болады.

**Нәтижелер**. Енді біз әр топқа берілетін сұрақтар мен тапсырмалар және оған берілетін жауаптардың үлгісін шамамен жасап көрейік. Бірінші топқа берілетін сұрақтар: «Романдағы басты кейіпкер Джейннің бейнесіне талдау жасаңыздар. Джейн мен Рочестердің өзара ұқсастықтары мен олардың арасындағы махаббат сезімі қалай көрінеді?».

Жауап: Романдағы басты кейіпкер Джейн Эйр – кішкене кездерінде қаншама қиындық көрсе де өмір сүруге деген құштарлықтары мол, сабырлы да ақылды, өткір қыз. Жас кезінде ата-анасынан айырылған жетім қыз ағасының қамқорлығында, ол қайтыс болған соң Рид ханымның қолында қиыншылық көріп өседі. Одан кейін қыздар пансионы мектебінде де талай қиындықтарды басынан өткізеді: өте суық мектеп, күтушілерінің дұрыс қарамауы, тағамдардың дұрыс берілмеуі, орынсыз жазалап отыруы, т.б. Осы тұста Джейннің Чарльз Диккенстің кейіпкері Оливер Твистке ұқсастығын аңғарамыз. Соншалықты қатал тағдырына қарамастан Джейн өмір сүруге деген құштарлығын жоғалтпайды. Романда Джейн Эйр сұлу қыз ретінде сипатталмайды. Тіпті, ол көріксіз болғандығына ешқашан өкінбеген, керісінше оны өзінің жан дүниесінің таза сақталуына көмектескен деген ойда болады.

Джейн қаншалықты көріксіз болса да, жан дүниесінің тазалығымен, адалдығымен, басқа байдың қыздарына ұқсамайтын ерекше мінезімен Рочестер мырзаны өзіне ғашық еткен болатын. Рочестерді қатты жақсы көрсе де, Джейн өз сезімін білдіртпейді. Және ол сыйлаған бағалы сыйлықтарды да алмайды. Тіпті, өзінің арының алдында таза болып қалғысы келген ол өзі сүймеген жігітке тұрмысқа шығудан бас тартып, өз мақсатына қол жеткізуге күресті. Сүйіктісі Рочестерді қайта іздеп тауып, онымен бақытты өмір сүре алды. Оқырмандарын Джейн Эйрдің қайсарлығы, адалдығы мен абыройын бәрінен де жоғары қоятын адамгершілігі қатты таңқалдырады.

Джейн мен Рочестердің бойынан махаббат сезіміне қатысты көптеген ұқсастықтарды көруге болады. Ең алдымен олардың өмірге деген көзқарастары бірдей. Олар өздерінің қиял әлемінде өмір сүрді, олвпды қоршаған ортаның ешқайсысы да толық түсінбеуі мүмкін. Джейн сияқты Рочестер де ертегілерге сенеді. Мәселен, Джейн жолда келе жатып бір рет аттың тұяқтарын естіген уақытта Ги трашенің ертегі рухын есіне алды. Сондай-ақ Рочестер де Джейнмен алғашқы кездесуінде қызды ертегіднгі кейіпкермен салыстырды (Bronte et.al, 1958).

Рочестер Джейннің жан дүниесінің тазалығына қызығып, іштей үнемі бағалап жүрді. Джейнді Рочестер сияқты ешкім түсінбеуі мүмкін. Тіпті, ол Джейннің ойларын да оқи алады. Джейннің сирек күлетінін де тез байқады.

Олардың арасында ұқсастықтар ғана емес, мынадай айырмашылықтар да болды: біріншіден, әлеуметтік жағдай, екіншіден, Рочестердің тым өткір мінезі. Бірақ Джейнге де Рочестердің осы қасиеттері батылдық берген болатын. Джейннің өзі белгілі бір күштің оны Рочестерге жақындататынын сезді. Романның басты кейіпкерлері Джейн Эйр мен Эдвард Рочестердің арасындағы байланыс олардың махаббат сезімі арқасында мықты орнатылды.

Екінші топқа берілетін тапсырма: «Романдағы басты кейіпкер айналасындағы ұнамды кейіпкерлерге талдау жасаңыз».

Жауап: басты кейіпкерлердің өмірінде өз ізін қалдырған жағымды кейіпкерлер бар. Джейн жағынан – Эллен Бернс және Мария Темпл ханым, Феарфакс ханым, Бесси, т.б.

Элен Бернс – өте ақылды әрі мейірімді қыз. Джейннің досы болған. Олардың өмірге деген көзқарастары әр түрлі болғанына қарамастан, олар бір-бірін жақын тұтты. Джейнге қарағанда Эллен бәрімен келісуге дайын момын қыз болды. Ол құдайға қатты сенетін. Бұл романда Элен аз ғана өмір сүрген кейіпкер болса да, Джейннің өмірінде ерекше орын алған тұлға ретінде суреттеледі. Элен Бернс бейнесінің прототипі

Шарлоттаның өз әпкесі – Мария Бронте болды. Себебі Мария дәл осы романдағы Элен сияқты шығармада Ловуд аталған мектепте тәрбиеленіп сол жерде аурудан қаза тапқан еді. Ал Мария Темпл ханым өте сымбатты ғана емес, ерекше мейірімді, нәзік болды. Ол өзінің шәкірттерін өте жақсы көріп, бәріне әділ қарады. Тіпті, Джейннің өтірікші емес екенін дәлелдеу үшін арнайы тергеу жүргізген адал тәрбиеші еді.

Сонымен қатар Феарфакс ханым, Бессидің романда рөлі кішкентай болса да, олар да тиісті назар аударуға лайық бейнелер. Өте мейірімді әйел бейнесінде сомдалған Феарфакс ханымның орны ерекше. Кішкене кезінен аналық махаббаттан айырылып, сүйіспеншілікті білмей өскен Джейнге Феарфакс ханым әрі қамқор ана, әрі ақылшы әпке бола білді. Ол Джейннің басына іс түскен жағдайда көмектесіп, әрдайым жанынан табыла білді. Жақсы сырласы болды. Бесси болса Рид ханымның мінез-құлқынан өзгешелеу. Ол кейде Джейнді ұрса да, бірақ ол оны өз жолымен жақсы көрді. Джейнді әрлайым мектепке шығарып салатын. Тіпті, Джейннің нағыз ханым болғанын көргенде қуанышын жасыра алмаған еді.

Үшінші топқа берілетін тапсырма: «Романда басты кейіпкерлер айналасында жағымсыз бейнелер бар ма? Бар болса оларға талдау жасаңыздар».

Жауап: Алдымен өмірдің өзінен алынған шынайы образ Рид ханымды алайық. Ол байлыққа мастанған, көзі байлықтан өзгені көрмейтін өзімшіл әйел образы. Күйеуіне өлер алдында уәде бергенімен ол уәдесінде тұра алмады. Ол Джейнге өз баласындай қамқорлық танытуы керек еді. Алайда, ол Джейнді өз балаларынан кем санады. Жетімдігін пайдаланып оны түртпектеп адам ретінде көрмеді. Қатігездігі соншалықты кішкене Джейнді ағасы Ридтің қаза тапқан бөлмесіне қамап, қыз қанша қорқып көмек сұрағанымен, оны сол бөлмеден шығармай қоятын болған. Тіпті, қатыгездігі соншалық Рид ханым Джейнді бағудан бас тартып, оны қыздар мектебіне жібереді. Осыдан оның қатыгез, адамгершілік қасиеттен жұрдай екенін аңғарамыз. Соның салдарынан балаларының алдында да қадірі жоқ анаға айналды. Өз балалары тым erke, ойына келгенін жасаса да, қылықтарын дұрыс деп санап, балаларын өзімшіл етіп тәрбиелеген.

Рид ханымның қыздары – Элиза және Джорджиана Ридтер. Олар шығармада ерке, өзімшіл, қатыгез, аналарының сүйікті қыздары ретінде баяндалады. Элиза бала кезден кәсіпкерлік қабілетке ие болған. Сәнге, сұлулыққа, әшекей бұйымдарға қызығатын әпкесі Джорджиана екеуінің ойлары бір жерден шықпайтын. Өсе келе апалы-сіңлілер бір-бірінен алшақтай түсті. Элиза дін жолына түсіп, кейбір діни қағидаларды

ұстанды. Ал, Джорджиана болса тек сыртқы сұлулыққа ғана қызығып, рухани, адамгершілік қасиеттерге мән бермей, жан-дүниесі сол қалпында қалып қойды. Дұрыс тәрбие берілмеуі салдарынан апалы-сіңлілілер бір-біріне бауырмал болмай өсті. Бірге өмір сүрсе де олар бір-бірінің өміріне мүлде қызықпады. Тіпті, Рид ханымға өмірінің соңғы күндерінде өзінің туған қыздарынан гөрі Джейн аяушылық танытты. Бальзактың байғұс кейіпкері Горио атайдың қыздары Дельфина мен Анастази секілді анасының соңғы сапарында да қыздары онымен қоштаспады. Шындығында, екеуі де мейірімсіз, ақымақ, өзімшіл, қатыгез жандар. Өздерінен басқа ешкімді де ойламайтын еді.

